



Алынды: 15 желтоқсан 2023/ Қабылданды: 19 желтоқсан 2023/ Онлайн жарияланды: 28 желтоқсан 2023
УДК 617.7-007.681:616-036.86(574.13)
DOI: [10.26212/2227-1937.2023.79.35.008](https://doi.org/10.26212/2227-1937.2023.79.35.008)

М.К. Таушанова¹, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0165-9312>
Л.С. Ермуханова¹, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7703-9649>
В.Ю. Байсугурова², ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0182-7598>
С.Т. Тажбенова¹, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4073-0070>
Г.Ж. Сахипова¹, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9062-0697>
К.Б. Турдалиева¹, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1665-2578>
М.Б. Курганбекова¹, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0165-9312>

¹ «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ, Ақтөбе қ., Қазақстан

² «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ, Алматы қ., Қазақстан

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА 2017-2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДИНАМИКАДАҒЫ ГЛАУКОМАДАН МҮГЕДЕКТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Түйін: Бұл мақала Ақтөбе облысында 2017-2022 жылдар аралығындағы глаукома салдарынан мүгедектік көрсеткіштерінің динамикасын талдайды. Аталған мәселені түсініп, мүгедектіктің алдын алу мен басқарудың тиімді стратегияларын даярлау науқастардың өмір сүру сапасын жақсарту және аурудың әлеуметтік-экономикалық әсерін азайту үшін өте маңызды. Мақала глаукомамен салдарынан болған мүгедектіктің әртүрлі аспектілерін ұсынады және глаукомамен ауыратын науқастардың өмірін жақсарту үшін ерте диагностиканың, емдеудің және әлеуметтік қолдаудың маңыздылығына назар аудартады.

Зерттеу мақсаты. 2017 - 2022 жылдар аралығындағы Ақтөбе облысының тұрғындары арасында глаукома бойынша мүгедектік көрсеткішін зерттеу және глаукома салдарынан мүгедектіктің алдын алудың тиімді стратегияларын ұсыну.

Зерттеу материалы мен әдістері.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінен 2017-2022 жылдар аралығында «глаукома» диагнозы салдарынан болған мүгедектер саны туралы мәліметтеріне ретроспективті зерттеу жүргізілді. Ақтөбе облысының 2017-2022 жылдар аралығындағы глаукома себебінен глаукома патологиясы бойынша мүгедектік топтары, біріншілік мүгедектік көрсеткіштері, мүгедектердің жасы, жынысы, білім деңгейі, куәландыру мақсатына талдау жүргізілді.

Нәтижелер: Ақтөбе облысының ересек тұрғындарының мүгедектік құрылымында көру органдарының патологиясы арасында глаукома жетекші орын алып отыр. Қазіргі уақытта Ақтөбе облысында глаукома салдарынан болған мүгедектердің едәуір бөлігі негізінен глаукоманың біріншілік ашық бұрышты түрі бар ер адамдар, көп жағдайда мүгедектіктің I немесе II тобы, бастауыш, орта немесе арнаулы орта білімі бар зейнеткерлер болып табылады.

Талқылау: Көру мүшесінің салдарынан болған мүгедектіктің көрсеткіштері офтальмологиялық көмекті оңтайландыру және мүгедектерді оңалту жөніндегі шараларды әзірлеу үшін ақпараттық база болып табылады. Қайта куәландыру кезінде глаукома бойынша мүгедектіктің ауырлығының күшеюі оңалту іс-шараларының шамалы тиімділігін көрсетуі мүмкін, осыған байланысты көру органының патологиясы бар мүгедектердің денсаулығы мен әлеуметтік мәртебесін сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған белсенді емдеу-оңалту іс-шараларын жүргізу қажеттілігі туындайды. Амбулаториялық-емханалық буындағы глаукоманы ерте диагностикалау іс-шараларының тиімділігі мен қолжетімділігі бойынша жұмысты күшейту қажет. Жоғарыда айтылғандардың барлығы глаукоманы ерте анықтауға, халықтың динамикалық мониторингін дамытуға, науқастарды заманауи медициналық-хирургиялық көмекпен қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеу қажеттілігін тудырады.

Түйін сөздер: глаукома, мүгедектік, біріншілік мүгедектік, соқырлық, динамикалық бақылау, медико-санитарлық экспертиза, көзішілік қысым

М.К. Таушанова¹, Л.С. Ермуханова¹, В.Ю. Байсугурова², С.Т. Тажбенова¹, Г.Ж. Сахипова¹,
К.Б. Турдалиева¹, М.Б. Курганбекова¹

¹ НАО «ЗКМУ имени Марата Оспанова», Ақтөбе, Казахстан

² НАО «Казахский Национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова», Алматы, Казахстан

ПОКАЗАТЕЛИ ИНВАЛИДНОСТИ ВСЛЕДСТВИЕ ГЛАУКОМЫ В ДИНАМИКЕ ЗА 2017-2022 ГГ. В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Резюме: Эта статья анализирует динамику показателей инвалидности вследствие глаукомы в Актыбинской области за период с 2017 по 2022 г. Исследование направлено на выявление тенденций и проблем, связанных с этим заболеванием. Понимание этой проблемы и разработка эффективных стратегий для предотвращения и управления инвалидностью имеют важное значение для улучшения качества жизни пациентов и снижения социального и экономического воздействия этого заболевания. Эта статья представляет различные аспекты инвалидности, связанной с глаукомой, и акцентирует внимание на важности ранней диагностики, лечения и социальной поддержки для улучшения жизни пациентов, страдающих этим заболеванием.

Цель: Анализ показателей инвалидности по глаукоме среди жителей Актыбинской области за период с 2017 по 2022 годы с разработки эффективных стратегий предотвращения инвалидизации вследствие данного заболевания.

Методы: Проведено ретроспективное изучение данных агентства «Департамент Комитета труда и социальной защиты по Актыбинской области» с 2017 по 2022 г. о числе инвалидов среди взрослого населения с диагнозом «глаукома». Был проведен анализ категорий инвалидности, вызванных глаукомой, в Актыбинской области за период с 2017 по 2022 годы. Исследование охватывает показатели первичной инвалидности, а также учитывает возраст, пол, уровень образования и цели медицинских освидетельствований инвалидов.

Результаты: В структуре инвалидности взрослого населения Актыбинской области среди патологии органов зрения лидирующее место занимает глаукома. В настоящее время значительная часть инвалидов с глаукомой в Актыбинской области – это преимущественно мужчины с первичной открытоугольной формой заболевания, в большинстве случаев пенсионеры, имеющие I или II группу инвалидности, начальное, среднее либо среднеспециальное образование.

Обсуждение: Показатели инвалидности по зрению являются информационной базой для разработки мер по оптимизации офтальмологической помощи и реабилитации инвалидов. Усугубление тяжести инвалидности по глаукоме при переосвидетельствовании может свидетельствовать о незначительной эффективности реабилитационных мероприятий, в связи с чем возникает необходимость проведения активных лечебно-реабилитационных мероприятий, направленных на поддержание и восстановление здоровья и социального статуса инвалидов с патологией органа зрения. Необходимо усилить работу по эффективности и доступности мероприятий ранней диагностики глаукомы в амбулаторно-поликлиническом звене. Все вышеперечисленное создает необходимость разработки мероприятий, направленных на раннее выявление глаукомы, развитие динамическое наблюдение населения, обеспечение больных современной лекарственной и хирургической помощью.

Ключевые слова: глаукома, инвалидность, первичная инвалидность, слепота, динамическое наблюдение, медико-санитарная экспертиза, внутриглазное давление.

M.K. Taushanova¹, L.S. Yermukhanova¹, V.Y. Baisugurova², S.T. Tazhbenova¹, G.Zh. Sakhipova¹, K.B. Turdalina¹, M.B. Kurganbekova¹

¹ «West Kazakhstan Marat Ospanov medical university», Aktoke, Kazakhstan

² «Asfendiyarov Kazakh National Medical University», Almaty, Kazakhstan

INDICATORS OF DISABILITY DUE TO GLAUCOMA IN DYNAMICS FOR 2017-2022 IN AKTOBE REGION

Resume: This article analyzes the dynamics of disability resulting from glaucoma in the Aktoke region between 2017 and 2022. The study aims to identify trends and challenges associated with this condition. Understanding this issue and developing effective strategies for preventing and managing disability are crucial to enhance patients' quality of life and alleviate the social and economic impact of this disease. The article explores various aspects of glaucoma-related disability, emphasizing the significance of early diagnosis, treatment, and social support in improving the lives of individuals affected by this condition.

Objective. To analyze the disability indicators caused by glaucoma among residents of the Aktoke region from 2017 to 2022 and to develop effective strategies for preventing disability associated with this disease.

Methods. A retrospective study of these agencies from the Department of Control and Social Protection of Population in Aktyubinsk region was carried out from 2017 to 2022. An analysis of disability categories resulting from glaucoma in the Aktoke region was conducted for the period spanning from 2017 to 2022. The study encompasses primary disability indicators and includes consideration of age, gender, educational level, and the objectives of medical examinations among individuals with disabilities.

Results. Within the disability structure of the adult population in the Aktoke region, glaucoma stands as a prominent condition among visual organ pathologies. Presently, a substantial portion of individuals with glaucoma-related disabilities in Aktoke are predominantly men affected by primary open-angle glaucoma. In many instances, these individuals are pensioners categorized under disability groups I or II, possessing primary, secondary, or specialized education backgrounds.

Discussion. The indicators reflecting visual disabilities serve as a foundational dataset for formulating strategies to enhance ophthalmological care and the rehabilitation of individuals with disabilities. A worsening in the severity of glaucoma-related disabilities upon re-examination may signify limited effectiveness of rehabilitation efforts, underscoring the imperative for proactive therapeutic and rehabilitation interventions focused on preserving and reinstating the health and social standing of individuals with visual impairments. There is a pressing need to reinforce efforts toward the effectiveness and accessibility of early glaucoma diagnosis within outpatient clinics. This necessity arises from the imperative to develop initiatives targeting early detection of glaucoma, establish dynamic surveillance within the population, and ensure the provision of contemporary medical and surgical care to patients.


Keywords: glaucoma, disability, primary disability, blindness, dynamic observation, medical and sanitary examination, intraocular pressure

Кіріспе. ХАЖ-10 класындағы мүгедектік пен соқырлықтың жетекші себептерінің бірі-глаукома болып табылады. Глаукома - бұл көзішілік қысымның жоғарылауымен және оптикалық нервтің зақымдалуымен сипатталатын көз ауруларының тобы. Бұл көру қабілетінің біртіндеп және тұрақты жоғалуына әкеліп, кейбір жағдайларда мүгедектікке әкелуі мүмкін [1-3]. 40 пен 80 жас аралығындағы тұрғындар арасында глаукоманың жаһандық

таралуы 3,5% деп бағаланып отыр. Офтальмологтар тұрғындардың саны мен үлесінің өсуімен байланысты 2040 жылы 111,8 миллион адам глаукомадан зардап шегеді деп болжау жасауда [4]. Ақтөбе облысы Қазақстан Республикасының басқа да облыстары сияқты глаукомамен ауыратын науқастарды диагностикалауда, емдеуде және оңалтуда қиындықтарға тап болады.

Әртүрлі елдерде жүргізілген көп орталықты эпидемиологиялық зерттеулердің нәтижелері глаукома салдарынан аурушандық пен мүгедектіктің айтарлықтай өскенін көрсетеді [5-10]. Қазақстанда глаукома бойынша ғылым мен техниканың заманауи жетістіктері әзірленіп, практикалық денсаулық сақтауға енгізілгеніне қарамастан, глаукома салдарынан соқыр болған науқастардың саны азаймай, керісінше ұлғайып бара жатқан тенденция байқалуда.

Глаукома салдарынан мүгедектік мәселесіне арналған зерттеулер санының арту үрдісі байқалып, аурудың өзектілігін және оның мүгедектігі бар адамдар санының артуына әсерін көрсетеді. Бұл ғылыми дерекқорлардағы ғылыми мақалалар санының өсуі ғана емес, сонымен қатар глаукомамен ауыратын науқастарда мүгедектіктің даму қаупін азайту үшін осы ауруды тереңірек зерттеу, тиімді алдын алу және емдеу әдістерін әзірлеу қажеттілігін көрсететін аталған мәселеге қоғамның қызығушылығының артуында байқалады (Сурет 1).



Сурет 1 - Әлемде глаукома салдарынан болатын мүгедектік тақырыбы бойынша жарияланған мақалалар.

Глаукома салдарынан болатын мүгедектік көрсеткіші тақырыбының өзектілігін көрсететін бірнеше аспектілер:

Глаукоманың әлемдік эпидемиологиялық өсуі: глаукома – тұрғындар арасында кең таралған ауру және оның таралуы тұрғындардың орташа өмір сүру ұзақтығының артуымен өсуде. Қазіргі таңда әлем бойынша 70 миллионнан астам адам өміріне әсер етіп, аталған көрсеткіш тек артады деп болжануда.

Маңызды экономикалық ауыртпалық: глаукома диагностика, емдеу және оңалту шығындарына, сондай-ақ мүгедектікке байланысты жұмыс өнімділігінің жоғалуына байланысты айтарлықтай экономикалық шығындар әкеледі. Глаукомамен ауыратын науқастарға күтім жасаудың экономикалық шығындары денсаулық сақтау жүйелеріне және жалпы қоғамға ауыртпалық түсіреді.

Ерте диагностикалық мәселелер: өзектіліктің негізгі аспектілерінің бірі-глаукоманың ерте диагностикасын жақсарту қажеттілігі. Көптеген жағдайларда диагноз қойылмайды, сонымен қатар науқастар көру қабілетінің жоғалуы қайтымсыз болған кезде аурудың дамыған сатысында көмекке жүгінеді.

Зерттеулер мен инновациялар: глаукома саласындағы көптеген зерттеулерге қарамастан, көптеген шешілмеген мәселелер бар. Диагностика мен емдеудің жаңа әдістері, сондай-ақ науқастарды оңалту мен күтудің инновациялық тәсілдері белсенді зерттеудің тақырыбы болып қала береді.

Әлеуметтік мәселе: глаукома науқастардың күнделікті тапсырмаларды орындау және өзін-өзі қамтамасыз ету қабілетін шектеу арқылы әлеуметтік мүгедектікке әкеледі. Мүгедектік олардың өмір сүру сапасына әсер етіп, әлеуметтік бағдарламалар мен қолдау шараларын әзірлеуді қажет етеді.

Глаукома жағдайында берілетін мүгедектік топтары елдің заңнамасы мен медициналық стандарттарында белгіленген нақты параметрлер мен критерийлерге байланысты өзгеруі мүмкін. Көптеген елдерде мүгедектік топтарын анықтаудың жалпы принциптері енгізіліп, глаукома жағдайында олар әдетте көру қабілетінің нашарлау дәрежесіне және науқастың өмір сапасымен байланысты.

Мысалы, Ресейде мүгедектік топтары федералды стандарттар негізінде анықталып, кәсіби және жалпы еңбек қабілеттілігін жоғалту дәрежесіне байланысты. Глаукома жағдайында мүгедектік топтарын көруді жақсарту, асқынулардың болуы (мысалы, көру өрісінің тарылуы), белгілі бір жұмыс түрлерін орындау қабілетіне әсері және т. б. сияқты параметрлерге сүйене отырып анықтауға болады. Ал біздің елімізде «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығымен регламенттеліп, жүзеге асырылады [11].

Глаукома салдарынан пайда болған мүгедектік осы нозологиясы бар науқастармен жұмыс жасауда офтальмологиялық қызметтің тиімділігін

сипаттайтын негізгі әлеуметтік-гигиеналық көрсеткіш болып табылады.

Глаукома салдарынан соқырлықтың, мүгедектіктің және мүгедектерді медициналық-әлеуметтік оңалтудың алдын алуға бағытталған шаралар жүйесін әзірлеу үшін өңірлік деңгейде жан-жақты эпидемиологиялық және тереңдетілген ғылыми зерттеулер жүргізу қажет.

Осы мақаланы жазу және ғылыми дерекқорлардан ақпарат іздеу барысында глаукома салдарынан мүгедектік мәселесіне байланысты негізгі терминдер

айқындалды. Түйін сөздердің ішінде: «мүгедектік», «глаукома», «таралу жиілігі», «өмір сапасы», «қауіп факторлары», «денсаулыққа әсері», «біріншілік ашық бұрышты глаукома», «көру өрісінің жоғалуы» және «көзішілік қысым» сияқты терминдер анықталды. Келтірілген терминдер мүгедектікке алып келетін ауру ретінде глаукомамен байланысты аспектілерді сипаттауда және зерттеуде маңызды рөл атқарып, аталған мәселені науқастардың медициналық, әлеуметтік және сапалық жағы тұрғысынан тереңірек түсінуге мүмкіндік береді (Сурет 2).




Сурет 2 - Глаукома салдарынан болған мүгедектік мақаласы бойынша түйін сөздер

Зерттеу нәтижелері: Ақтөбе облысының тұрғындарын 2017-2022 жж. куәландыру және мүгедектікті анықтау кезінде көз аурулары және оның қосалқы аппараты, атап айтқанда біріншілік мүгедектіктің мынадай көрсеткіштері ұсынылды: 2017 жылы аталған көрсеткіш 457,1-ді құрады, 2018 жылы бұл көрсеткіш 463,1-ге дейін ұлғайды. 2019 жылы 559,6-ға жетіп, айтарлықтай өсу болды. Алайда, 2020 жылы жаһандық COVID-19 эпидемиясы мен науқастардың оқшаулануына байланысты біріншілік мүгедектік көрсеткіші айтарлықтай төмендеп, 450,5-ке дейін төмендеді. 2021 жылы бұл көрсеткіш 556,3-ке қайта өсіп, 2022 жылы біріншілік мүгедектіктің

одан әрі өсуі байқалып, 635,7 деңгейіне жетті. 2020 жылы мүгедектің төмендеуін COVID-19 пандемиясынан туындаған науқастардың сақтығымен түсіндіруге болады. Өз кезегінде пандемия медициналық көмекке, соның ішінде медициналық-әлеуметтік сараптамаға қол жетімділіктің шектеулеріне әкелді, бұл мүгедектікті анықтау үшін медико-санитарлық экспертизадан өтуді қалайтын глаукомамен ауыратын науқастарға қолайсыздықтар туғызған болатын.

Соңғы 5 жыл ішінде Ақтөбе облысында аталған патология бойынша біріншілік мүгедектік көрсеткіші 38,8% - ға өскен (Сурет 3)




Сурет 3 - 2017-2022 жж. Ақтөбе облысы бойынша біріншілік мүгедектік көрсеткіші

Мүгедектік топтары бойынша деректерді
салыстырмалы талдау кезінде зерттелген

жылдардағы біріншілік ашық бұрышты глаукома - мүгедектіктің негізгі себебі болғандығы екені

анықталды. Сонымен қатар, бірінші топтағы мүгедектіктің үлес салмағы - 2,6 есе, екінші топ - 7,3 есеге күрт өскен. Үшінші топтағы мүгедектіктің үлес салмағының өсуі баяулағаны байқалады (1,7 есе). Зерттелген жылдардағы мүгедектік топтары бойынша талдау көрсеткендей, мүгедектіктің себебі ретінде біріншілік ашық бұрышты глаукома жетекші


орын алады, содан соң біріншілік жабық бұрышты, қайталама және туа біткен глаукома болып отыр. Төменде келтірілген 4-суреттен глаукомамен куәландырылған науқастардың көп бөлігі I және III топтағы мүгедектер екенін көруге болады, бұл осы патологияның ауырлығын және емдеу-алдын алу шараларының тиімділігінің жеткіліксіздігін көрсетеді.



Сурет 4 - 2017-2022 жж. Ақтөбе облысының глаукома бойынша мүгедектік топтары

Жынысы бойынша глаукома салдарынан мүгедектік құрылымын зерттеген кезде (сурет. 5) мүгедектер арасында ер адамдар басым болғанын атап өтуге болады. Келтірілген статистика көптеген басқа авторлардың ғылыми мақалаларында да атап көрсетілген [12, 15].

Мысалы, 2017 жылы глаукома салдарынан алғаш рет мүгедек деп танылған ер адамдар 69,4 % (34 адам), әйелдер – 30,6 % (15 адам) болды. 2022 жылы ерлердің үлес салмағының 57,9 % - ға (70 адам) дейін өсуі және әйелдердің үлесінің 42,1% - ға (51) дейін өсуі байқалды.



Сурет 5 - 2017-2022 жж. Ақтөбе облысында мүгедектердің жынысы бойынша бөлінуі

Зерттеліп отырған (сурет 6) алғашқы куәландыруға жүгіну кезеңінде 2017 жылы 39 жағдайдан 2022 жылы 59 жағдайға дейін тұрақты өсу байқалды. Сондай-ақ қайта куәландыру санының 2017 жылғы 10 жағдайдан 2022 жылы 63 жағдайға дейін ұлғаюы байқалады. Жалпы, куәландырудың жалпы саны

(алғашқы және қайта) 2017 жылғы 49 жағдайдан 2022 жылы 122 жағдайға дейін өсті. Бұл науқастардың глаукомаға күдіктенуіне немесе одан кейінгі тексеруге байланысты медициналық көмекке көбірек жүгінуін көрсетуі мүмкін.

Кесте 1 - 2017-2022 жж. Ақтөбе облысында мүгедектердің куәландыру көрсеткіші




Көрсеткіш	2017	2018	2019	2020	2021	2022
Алғашқы куәландыру	39	40	49	40	51	59
Қайта куәландыру	10	20	16	21	61	63
Барлығы	49	60	65	61	112	122

2020 жылдан 2022 жылға дейін қайта куәландырудың күрт артуы мұқият бақылау мен емдеуді қажет ететін глаукоманың неғұрлым күрделі жағдайларын, сондай-ақ науқастардың тұрақты тексерулер қажеттілігі туралы хабардарлығының жоғарылауын көрсетуі мүмкін. Тұтастай алғанда, деректер зерттеу кезеңінде куәландырудың артқанын көрсетеді, бұл қоғам мен дәрігерлердің

көру қабілетінің жоғалуы мен мүгедектіктің алдын алу үшін глаукоманы уақтылы диагностикалау мен емдеудің маңыздылығы туралы хабардарлығының жоғарылауын көрсетуі мүмкін.

Жалпы тенденция глаукоманың біріншілік диагностикалық жүйесін жетілдіру және тиімді бақылау мен емдеу үшін берілген ауру туралы хабардарлықты арттыру қажеттілігін көрсетеді.



Сурет 6 - 2017-2022 жж. Ақтөбе облысында мүгедектердің куәландыру көрсеткіші

Глаукомадан туындаған мүгедектік жас, еңбекке қабілетті адамдар, қарт және егде жастағы адамдар да болуы мүмкін. Алайда, глаукома еңбекке қабілетті жастағы адамдарға әсер еткенде ауыр зардаптарға және экономикалық зиянның жоғарылауына әкелуі мүмкін екенін ескеру маңызды. Әлемдік медицинаның жетістіктері мен қоршаған орта қауіпсіздігінің артуының арқасында қазіргі

заманғы адамның өмір сүру ұзақтығы мен сапасы артты. Осыған байланысты қазіргі уақытта ҚР халқының демографиялық сипаттамасына сүйене отырып, халықтың қартаюына қарай популяциядағы егде және қарт жастағы адамдардың орташа өмір сүру ұзақтығының артуын және глаукома жағдайларының көбеюін атап өтуге болады.

Кесте 2 - Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында глаукома салдарынан мүгедектік динамикасы


Көрсеткіш		2017		2018		2019		2020		2021		2022	
		Барлығы	Еңбекке қабілетті жас	Барлығы	Еңбекке қабілетті жас	Барлығы	Еңбекке қабілетті жас	Барлығы	Еңбекке қабілетті жас	Барлығы	Еңбекке қабілетті жас	Барлығы	Еңбекке қабілетті жас
Мүгедек болып танылды	Адам	49	35	60	40	65	30	61	30	112	52	122	68
	%	100	71,4	100	66,6	100	46,1	100	49,1	100	46,4	100	60,7

2017 жылы еңбекке қабілетті тұрғындар арасында глаукомаға байланысты мүгедектік деңгейі 71,4% құрады, бұл жоғары көрсеткіш болып табылады. Келесі жылдары мүгедектік деңгейінің төмендеуі байқалды: 2017 жылдан 2018 жылға дейін ол 66,6% - ға дейін, содан кейін 2019 жылы 46,1% - ға дейін төмендеді, ал 2020 жылы 49,1% - ға дейін көтерілді.

2021 жылы мүгедектік деңгейі уақытша 46,4% - ға дейін өсті, бұл 2019 жылмен салыстырғанда төмен, бірақ 2020 жылмен салыстырғанда жоғары болды. Мүгедектік көрсеткішінің ең жоғары деңгейі 2022 жылы байқалды, бұл көрсеткіш 60,7% - ға дейін көтерілді. Бұл айтарлықтай өсу аурудың жоғарылауын немесе белгілі бір жас тобындағы

глаукома диагнозының жақсарғанын көрсетуі мүмкін. 2021 жылға дейін мүгедектік деңгейінің төмендеуінің жалпы тенденциясы халықтың осы санатындағы глаукоманың алдын алуды, медициналық көмектің қолжетімділігін, ерте диагностиканы немесе тиімді емдеуді жақсартумен байланысты болуы мүмкін. Алайда, 2022 жылы мүгедектік деңгейінің күрт өсуі осы өсудің себептерін


қосымша зерттеуді қажет етеді, бұл еңбекке қабілетті халық арасында глаукоманың алдын алу және емдеу тәсілдерін түзетуді қажет етуі мүмкін. Соңғы жылдары мүгедектер санының көбеюі демографиялық өзгерістерге (өмір сүру ұзақтығының артуы және халықтың жас құрылымының өзгеруі) байланысты болуы мүмкін.



Сурет 7 - 2017-2022 жж. Ақтөбе облысында мүгедектердің жас бойынша бөліуі

Егер 2017 жылы қала (27 адам) және ауылдан (22) мүгедектер саны іс жүзінде бірдей болса: сәйкесінше 55.1% және 44.9% (сурет 8), содан кейін 2022 жылы глаукома салдарынан куәландырылған


мүгедектердің көпшілігі қала тұрғындары – 66,2% (80 адам), ауыл тұрғындары – 33,8% (41 адам) құрады.



Сурет 8 - 2017-2022 жж. Ақтөбе облысында мүскіндігі шектеулі жандардың қалалық және ауылдық елді мекендерде тұруының динамикасы

Зерттеулер көрсеткендей, глаукомаға байланысты мүгедектердің басым көпшілігінде бастауыш, орта немесе орта арнайы білім болған (2017 жылы – 93,8% немесе 46 адам, 2022 жылы – 84,3% немесе 102 адам). 2017 жылы жоғары білімі бар 3 адам (6,2 %) және 2022 жылы глаукомамен куәландырылған барлық

мүгедектерден 19 адам (15,7%) болды. (Сурет 9). Бұл жағдай жоғары білімі бар глаукомамен ауыратын науқастардың ауруына саналы көзқарасымен және емдеуші дәрігер ұсынған рецептілерді үнемі орындауымен түсіндіріледі.



Сурет 9 - 2017-2022 жж. Ақтөбе облысында мүскіндігі шектеулі жандардың білімі бойынша бөлуі

Осылайша, қазіргі уақытта Ақтөбе облысында глаукомасы бар мүгедектердің едәуір бөлігі негізінен глаукоманың біріншілік ашық бұрышты глаукомамен ауыратын ер адамдар, көп жағдайда мүгедектіктің I немесе II тобы, бастауыш, орта немесе арнаулы орта білімі бар зейнеткерлер болып табылады.

Талқылау. Глаукомамен ауыратын науқастарға мамандандырылған көмекті ұйымдастыру мәселелері - алғаш рет мүгедек деп танылғандар арасында бірінші топтағы мүгедектер үлесінің өсуінің себептерінің бірі.

Мүскіндігі шектеулі жандардың санының өсу себептері: глаукомамен ауыратын науқастардың жеткіліксіз мониторингі (нысаналы көз қысымына қол жеткізілмеуі, науқастарды жедел және жоспарлы госпитализацияға кеш жіберу, метаболикалық бұзылуларды түзетуге, гемодинамиканы жақсартуға, нейропротекцияға бағытталған дәрілік терапия курстарының жеткіліксіз жүргізілуі) болып табылады. Зерттеу нәтижелері Ақтөбе облысындағы глаукоманың біріншілік, қайталама және үшінші профилактикасының жай-күйін сипаттайды. Науқастардың глаукома туралы жеткіліксіз хабардар болуы дамыған кезеңдерде патологиялық процестің анықталуына әкеледі. Динамикалық бақылаудың төмен сапасы, толыққанды өмір сүру мүскіндігін жоғалтқан науқастарды жеткіліксіз оңалту – глаукоманың салдарынан біріншілік және жалпы мүгедектіктің жоғары көрсеткіштеріне әкеледі. Аталған мәселелерді одан әрі зерттеу алгоритмдер мен алдын алу шараларын, сондай-ақ глаукомамен ауыратын науқастар үшін оңалту іс-шараларын әзірлеуге мүскіндік береді.

Глаукомадан туындаған мүгедектік жас, еңбекке қабілетті адамдарда, қарт және егде адамдарда болуы мүмкін. Алайда, глаукома еңбекке қабілетті жастағы адамдарға әсер еткенде ауыр зардаптарға және экономикалық зиянның жоғарылауына әкелуі мүмкін екенін ескеру маңызды болып табылады.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, уақыт өте келе глаукомамен ауыратын науқастарды алғашқы тексеру (анықтау) артады. Бақылаудың зерттелетін кезеңінің басында алғашқы куәландыру тұрғындардың глаукома және оның қауіптері туралы аз хабардар болуымен шектелуі мүмкін. Тұрғындардың көпшілігі өздерінің көрумен байланысты мәселелеріне назар аудармауы немесе медициналық тексеруден өтпеуі мүмкін. Уақыт өте келе, хабардарлықтың артуы, білім беру науқандары және медициналық инфрақұрылымның жақсаруы

арқасында глаукомаға күдік туғызу үшін адамдар медициналық көмекке және алғашқы куәландыруға жүгіне бастайды. Алғашқы куәландырудың өсуі медициналық-санитариялық алғашқы көмекте (МСАК) глаукоманың төмен анықталуын (диагностикасын) көрсетуі мүмкін. МСАК-та медициналық персоналдың жеткіліксіз дайындығы, ресурстардың шектеулі болуы және қажетті диагностикалық сынақтардың қол жетімділігі себеп болуы мүмкін.

Алғашқы куәландыруға жүгінген науқастар санының артуы глаукоманы ерте анықтауға арналған скрининг жүйесінің тиімсіздігін көрсетуі мүмкін. Бастапқы тексеруден өткен науқастар санының өсуі глаукомамен ауыратын науқастарды динамикалық бақылаудың төмен сапасын да көрсетуі мүмкін.

Қорытынды. Осылайша, 2017-20122 жылдар аралығында Ақтөбе облысында глаукомамен ауыратын науқастарды мүгедектікке жатқызу бойынша сипатталған жағдайды талдау- глаукомамен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсету жүйесін жетілдіру, оларды ерте анықтау, динамикалық бақылау, уақтылы емдеу жөніндегі іс-шараларды дайындау және іске асыру мақсатында осы патология кезінде аурушандық пен мүгедектік сипатын неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеу қажеттігін айғақтайды, бұл глаукомадан соқырлық пен мүгедектік деңгейін төмендетеді.

1. Қазіргі таңда Ақтөбе облысында глаукомасы бар мүгедектердің едәуір бөлігі негізінен аурудың біріншілік ашық бұрышты түрі бар ер адамдар, көп жағдайда мүгедектіктің I немесе II тобы, бастауыш, орта немесе арнаулы орта білімі бар зейнеткерлер болып табылады.

2. Көру бойынша мүгедектігінің көрсеткіштері офтальмологиялық көмекті оңтайландыру және мүгедектерді оңалту жөніндегі шараларды әзірлеу үшін ақпараттық база болып табылады.

3. Ақтөбе облысының ересек тұрғындарының мүгедектік құрылымында көру органдарының патологиясы арасында глаукома жетекші орынды алып отыр.

4. Қайта куәландыру кезінде глаукома бойынша мүгедектіктің ауыртпалығының күшеюі - оңалту іс-шараларының шамалы тиімділігін көрсетуі мүмкін, осыған байланысты көру органының патологиясы бар мүгедектердің денсаулығы мен әлеуметтік мәртебесін сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған белсенді емдеу-оңалту іс-шараларын жүргізу қажеттілігі туындайды.

5. Медико-санитарлық алғашқы көмек деңгейінде глаукоманы ерте диагностикалау іс-шараларының тиімділігі мен қолжетімділігі бойынша жұмысты күшейту қажет.

6. Жоғарыда айтылғандардың барлығы глаукоманы ерте анықтауға, халықтың динамикалық мониторингін дамытуға, науқастарды заманауи медициналық-хирургиялық көмекпен қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеу қажеттілігін тудырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Sotimehin, A. E., & Ramulu, P. Y. (2018). Measuring disability in glaucoma. *Journal of glaucoma*, 27(11), 939-949. doi.org/10.1097/IJG.0000000000001068
2. Lin, S., Mihailovic, A., West, S. K., Johnson, C. A., Friedman, D. S., Kong, X., & Ramulu, P. Y. (2018). Predicting visual disability in glaucoma with combinations of vision measures. *Translational Vision Science & Technology*, 7(2), 22-22. <https://doi.org/10.1167/tvst.7.2.22>
3. Cesareo, M., Ciuffoletti, E., Ricci, F., Missiroli, F., Giuliano, M. A., Mancino, R., & Nucci, C. (2015). Visual disability and quality of life in glaucoma patients. *Progress in brain research*, 221, 359-374. <https://doi.org/10.1016/bs.pbr.2015.07.003>
4. Tham YC, Li X, Wong TY, Quigley HA, Aung T, Cheng CY. Global prevalence of glaucoma and projections of glaucoma burden through 2040: a systematic review and meta-analysis. *Ophthalmology*. 2014 Nov;121(11):2081-90. doi: 10.1016/j.ophtha.2014.05.013
5. Akhmedov D., Kuchera T. Population Prospects of the Republic of Uzbekistan for 2018-2050 United Nations Population Fund in Uzbekistan. Praga. Tashkent. 2019:63. Available at: <https://uzbekistan.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/Population%20forecast%202018-2050.pdf> (in Russian)
6. Demographic situation. Office of Statistics of Demography and Labour of Uzbekistan. Available at: <https://stat.uz/uploads/docs/demog-yan-dekru18.pdf> (in Russian)
7. Neroyev V., Kiseleva O., Bessmertnyy A. Results of the multicenter study of epidemiological features of primary open-angle glaucoma in the Russian Federation. *Russian journal of ophthalmology*. 2013;3:4-7. Available at: https://roj.igb.ru/jour/manager/files/archive/%D0%A0%D0%9E%D0%96_3_2013.pdf (in Russian)
8. Tsuchibaeva D., Rizaev J., Malinowskaya I. Dynamics of primary and general incidence due to glaucoma among the adult population of Uzbekistan. *Ophthalmology. Vostochnaya Yevropa*. 2021;11.1:27-38. doi: <https://doi.org/10.34883/Pl2021.11.1.003> (in Russian)
9. Jonasson F., Damji K.F., Arnarsson A., Sverrisson T., Wang L., Sasaki H., Sasaki K. Prevalence of open-angle glaucoma in Iceland: Reykjavik Eye Study. *Eye*. 2013;6(17):747-753. Available at: https://doi.org/10.1007/978-1-59745-373-8_3
10. Leske M.C., Connell A.M.S., Schachat A.P. The Barbados Eye Study. Prevalence of open angle glaucoma. *Arch Ophthalmol*. 1994;112(6):821-829. Available at: <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/11146731/>
11. «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің

2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010589>

12. Akhmedov D., Kuchera T. Population Prospects of the Republic of Uzbekistan for 2018-2050 United Nations Population Fund in Uzbekistan. Praga. Tashkent. 2019:63. Available at:

<https://uzbekistan.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/Population%20forecast%202018-2050.pdf> (in Russian)

13. Neroyev V., Kiseleva O., Bessmertnyy A. Results of the multicenter study of epidemiological features of primary open-angle glaucoma in the Russian Federation. *Russian journal of ophthalmology*. 2013;3:4-7. Available at: https://roj.igb.ru/jour/manager/files/archive/%D0%A0%D0%9E%D0%96_3_2013.pdf (in Russian)

14. Nabibullayeva R. State policy of the Republic of Uzbekistan in the field of healthcare. *Greater Eurasia: development, security, cooperation*. 2019;971-975. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/gosudarstvennaya-politika-respubliki-uzbekistan-v-oblasti-zdravooohraneniya> (in Russian)

15. On improvement of the system of statistical recording of persons with disabilities. Resolution of the Cabinet of Ministers of the Republic of Uzbekistan. № 210. 2.03.2018. Available at: https://nrm.uz/content?doc=537202_&products=1_vse_zakonodatelstvo_uzbekistana (in Russian)

REFERENCES

1. Sotimehin, A. E., & Ramulu, P. Y. (2018). Measuring disability in glaucoma. *Journal of glaucoma*, 27(11), 939-949. doi.org/10.1097/IJG.0000000000001068
2. Lin, S., Mihailovic, A., West, S. K., Johnson, C. A., Friedman, D. S., Kong, X., & Ramulu, P. Y. (2018). Predicting visual disability in glaucoma with combinations of vision measures. *Translational Vision Science & Technology*, 7(2), 22-22. <https://doi.org/10.1167/tvst.7.2.22>
3. Cesareo, M., Ciuffoletti, E., Ricci, F., Missiroli, F., Giuliano, M. A., Mancino, R., & Nucci, C. (2015). Visual disability and quality of life in glaucoma patients. *Progress in brain research*, 221, 359-374. <https://doi.org/10.1016/bs.pbr.2015.07.003>
4. Tham YC, Li X, Wong TY, Quigley HA, Aung T, Cheng CY. Global prevalence of glaucoma and projections of glaucoma burden through 2040: a systematic review and meta-analysis. *Ophthalmology*. 2014 Nov;121(11):2081-90. doi: 10.1016/j.ophtha.2014.05.013
5. Akhmedov D., Kuchera T. Population Prospects of the Republic of Uzbekistan for 2018-2050 United Nations Population Fund in Uzbekistan. Praga. Tashkent. 2019:63. Available at: <https://uzbekistan.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/Population%20forecast%202018-2050.pdf> (in Russian)
6. Demographic situation. Office of Statistics of Demography and Labour of Uzbekistan. Available at: <https://stat.uz/uploads/docs/demog-yan-dekru18.pdf> (in Russian)
7. Neroyev V., Kiseleva O., Bessmertnyy A. Results of the multicenter study of epidemiological features of primary open-angle glaucoma in the Russian Federation. *Russian journal of ophthalmology*. 2013;3:4-7. Available at: https://roj.igb.ru/jour/manager/files/archive/%D0%A0%D0%9E%D0%96_3_2013.pdf (in Russian)

8. Tsuchibae D., Rizaev J., Malinowskaya I. Dynamics of primary and general incidence due to glaucoma among the adult population of Uzbekistan. Ophthalmology. Vostochnaya Yevropa. 2021;11.1:27-38. doi: <https://doi.org/10.34883/Pl2021.11.1.003> (in Russian)
9. Jonasson F., Damji K.F., Arnarsson A., Sverrisson T., Wang L., Sasaki H., Sasaki K. Prevalence of open-angle glaucoma in Iceland: Reykjavik Eye Study. Eye. 2013;6(17):747-753. Available at: https://doi.org/10.1007/978-1-59745-373-8_3
10. Leske M.C., Connell A.M.S., Schachat A.P. The Barbados Eye Study. Prevalence of open angle glaucoma. Arch Ophthalmol. 1994;112(6):821-829. Available at: <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/11146731/>
11. «Medisinalyq-äleumettik saraptama jürgizu qağıdalaryn bekıtu turaly» Qazaqstan Respublikasy Premer-Ministrınıń orynbasary - Eñbek jäne halyqty äleumettik qorğau ministrınıń 2023 jylğy 29 mausymdağy № 260 bürıyğy <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010589>
12. Akhmedov D., Kuchera T. Population Prospects of the Republic of Uzbekistan for 2018-2050 United Nations Population Fund in Uzbekistan. Praga. Tashkent. 2019:63. Available at:

- <https://uzbekistan.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/Population%20forecast%202018-2050.pdf> (in Russian)
13. Neroyev V., Kiseleva O., Bessmertnyy A. Results of the multicenter study of epidemiological features of primary open-angle glaucoma in the Russian Federation. Russian journal of ophthalmology. 2013;3:4-7. Available at: https://roj.igb.ru/jour/manager/files/archive/%D0%A0%D0%9E%D0%96_3_2013.pdf (in Russian)
14. Nabibullayeva R. State policy of the Republic of Uzbekistan in the field of healthcare. Greater Eurasia: development, security, cooperation. 2019;971-975. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/gosudarstvennaya-politika-respubliki-uzbekistan-v-oblasti-zdravooohraneniya> (in Russian)
15. On improvement of the system of statistical recording of persons with disabilities. Resolution of the Cabinet of Ministers of the Republic of Uzbekistan. № 210. 2.03.2018. Available at: https://nrm.uz/content?doc=537202_&products=1_vse_zakonodatelstvo_uzbekistana (in Russian)

Авторлардың үлесі. Барлық авторлар осы мақаланы жазуға тең дәрежеде қатысты.

Мүдделер қақтығысы – мәлімделген жоқ. Бұл материал басқа басылымдарда жариялау үшін бұрын мәлімделмеген және басқа басылымдардың қарауына ұсынылмаған. Осы жұмысты жүргізу кезінде сыртқы ұйымдар мен медициналық өкілдіктердің қаржыландыруы жасалған жоқ. Қаржыландыру жүргізілмеді.

Вклад авторов: Все авторы принимали равное участие при написании данной статьи

Конфликт интересов – не заявлен.

Данный материал не был заявлен ранее, для публикации в других изданиях и не находится на рассмотрении другими издательствами. При проведении данной работы не было финансирования сторонними организациями и медицинскими представительствами. Финансирование – не проводилось.

Authors' Contributions. All authors participated equally in the writing of this article.

No conflicts of interest have been declared. This material has not been previously submitted for publication in other publications and is not under consideration by other publishers. There was no third-party funding or medical representation in the conduct of this work. **Funding** - no funding was provided.

Авторлар туралы мәліметтер:

№	ФИО (полностью)	Должность, место работы	Телефон	Эл.почта
1	Таушанова Майя	Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова	87475170280	maiona_93@mail.ru
2	Ермуханова Людмила	Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова	87022330465	aleka_2807@mail.ru
3	Байсугурова Венера	Казахский Национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова	87017425714	ybaisugurova@mail.ru
4	Тажбенова Сауле	Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова	87027895289	t.saule.t@mail.ru
5	Сахипова Гульнара	Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова	87024235836	gulnara.7110@mail.ru
6	Турдалина Кунзира	Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова	87075101775	turdalina92@mail.ru
7	Курганбекова Меруерт	Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова	87022406499	macosya@inbox.ru